Силлабус
«Денсаулық сақтаудағы статистика» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
6В10118 «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	Пән коды: DSS 3305	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Денсаулық сақтаудағы статистика	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: Мамандыққа кіріспе,	1.8	Семестр: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: Денсаулық сақтауды ұйымдастыру, экономика және қаржыландыру	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Цикл: БнП	1.10	Компонент: ЖК

2. Пәннің мазмұны

Статистика туралы түсінік. Денсаулық пен денсаулық сақтаудың медициналық статистикасы. Демографиялық статистика. Денсаулық сақтау мекемелерінің медициналық есепке алу құжаттамасы. Медициналық-статистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және кезеңдері. Стандарттау әдісі. Статистикалық талдаудың негізгі қателіктері. Халықтың денсаулығын, Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін зерделеу және бағалау әдістері. Статистикалық зерттеулер нәтижелерінің графикалық көрінісі.

3.	**Жиынтық бағалау нысаны**		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау ✓	3.8	Басқа (көрсету)

4. Пәннің мақсаты

Әлеуметтік-гигиеналық және эксперименттік зерттеулерде қолданылатын деректердің орташа шамаларын, динамикалық қатарларын және графикалық көрінісін талдау арқылы қоғамдық денсаулықты бағалаудың негізгі статистикалық әдістерін зерделеу.

5.	**Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері**
ОН 1	Негізгі демографиялық және медициналық-статистикалық көрсеткіштерді біледі, халық тобын ескере отырып есептейді және түсіндіреді
ОН 2	Статистикалық бағдарламалар арқылы ашық дереккөздерден алынған деректерді өңдеп, кестелер мен графиктер түрінде визуалдай отырып, инклюзия қағидаттарын пайдалана отырып, профилактикалық шараларды ұсынады.
ОН 3	Қоршаған орта факторлары мен денсаулық көрсеткіштері арасындағы байланысты корреляциялық талдау арқылы анықтайды. Алынған статистикалық қорытындылар негізінде халық денсаулығын бақылауда цифрлық құралдар мен жасанды интеллект элементтерінің рөлін түсінеді.
ОН 4	Халық арасындағы аурулар динамикасын (маусымдық өзгерістер) зерттейді және аймақтық эпидемиологиялық жағдайды бағалай отырып, мәселені шешуде қажетті ойын тұжырымдай алады және оқытушылармен басқа білім алушыларға коммуникативті дағдыларды қолдана отырып, жеткізеді.

5.1	**Пәннің ОН**	**Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері**
	ОН 1 ОН 3 ОН 4	**ОН1.** Әлеуметтік-мінез-құлық, биомедициналық, гигиеналық, эпидемиологиялық және клиникалық ғылымдар саласындағы сенімді, заманауи, ғылыми негізделген ақпарат пен білімді сыни тұрғыдан талдайды және тәжірибеде қолданады.

	ОН 2 ОН 3	**ОН3.** Ақпараттық технологияларды меңгерген, өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету саласындағы ақпаратты тиімді пайдалануда, өндірістік үдерістерді құжаттауды қамтамасыз ету үшін жасанды интеллектті және цифрландыруды пайдаланады.
	ОН 1 ОН 4 ОН 3	**ОН8.** Ресми есепке алу, есеп беру құжаттарының деректерін пайдалана отырып, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық тексерулер негізінде халықтың әртүрлі жас-жыныс топтарының денсаулық көрсеткіштерін бағалай отырып, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың жай-күйі туралы ақпарат жинауды және медициналық-статистикалық талдау жүргізеді.

6.	**Пән туралы толық ақпарат**					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Әл-Фараби алаңы 3, ОҚМА-ның №4 оқу ғимараты, 2-қабат, 1-10 ауд. Телефон: 408222 (ішкі. 121) https://skma.edu.kz					
6.2	Сағат саны:120	Дәріс	Тәжірибелік. сабақ	Зерт.сабақ.	ОБӨЖ	БӨЖ
		8	32	-	12	68

7.	**Оқытушылар туралы мәліметтер**		
№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электронды почтасы
1.	Тұрсынбаев Байжан Бейсенбайұлы	магистр, оқытушы	bai_jan_95@mail.ru
2.	Төлтаев Бақытжан Санакулович	м.ғ.к., доцент м.а.	toltaev73@mail.ru

8. Тақырыптық жоспар

Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	**Дәріс.** Медициналық статистикаға кіріспе	Статистиканың жалпы теориялық және әдістемелік негіздері. Халықтың денсаулық статистикасы. Денсаулық сақтау статистикасы.	ОН1 ОН2	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Демографиялық көрсеткіштерді есептеу әдістері	Халықтың құрылымын зерттеу: туу коэффициенттерін, өлім-жітімді, табиғи өсімді есептеу. ҚР-дағы демографиялық үрдістерді талдау.	ОН1 ОН2	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу;	Тексеру парағы, жазбаша бақылау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Демографиялық көрсеткіштер **БӨЖ тапсырмасы:** 1.Демографиялық көрсеткіштерді есептеу	Туу, өлім, көші-қон бойынша нақты деректермен жұмыс. Excel бағдарламасында кестелер құру және көрсеткіштерді есептеу әдістері.	ОН3 ОН4	1/5	Презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау	Тексеру парағы

	әдістері мен зерделеу 2. ҚР демографиялық көрсеткіштерді талдау					
2	**Дәріс.** Статистикалық көрсеткіштердің түрлері мен сипаттамасы	Абсолютті, салыстырмалы және орташа шамалар. Автоматтандырылған есептеу бағдарламаларын пайдалану әдістері (Excel, онлайн калькуляторлар).	ОН1 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық-статистикалық деректерді топтастыру, жіктеу және ұсыну	Статистикалық кестелерді қалыптастыру, гистограммаларды, диаграммаларды, графиктерді құру. Деректерді визуализациялаудың оңтайлы әдістері	ОН3 ОН4	3	Ауызша сұрау; жағдайлық есептерді шешу;	Тексеру парағы, жазбаша бақылау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Сырқаттанушылық түрлері **БӨЖ тапсырмасы:** Халықтың сырқаттанушылық құрылымы мен динамикасын талдау	Бастапқы және жалпы аурушаңдықты салыстырмалы талдау. ЕПМ және ДСМ цифрлық есептерімен танысу	ОН3 ОН4	1/6	Презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау	Тексеру парағы
3	**Дәріс.** Халықтың денсаулығын бағалаудағы демографиялық көрсеткіштер	Туу коэффициенттері, өлім-жітім, табиғи өсу. Демографиялық онлайн бақылау тақталары мен мемлекеттік платформалары (stat.gov.kz).	ОН1 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Сырқаттанушылық, өлім-жітім және мүгедектік көрсеткіштерін есептеу жолдары	Бастапқы, жалпы және арнайы сырқаттанушылықты, өлім-жітімді, мүгедектікті есептеу және түсіндіру. Аймақтар бойынша салыстырмалы талдау.	ОН1 ОН3	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу;	Тексеру парағы, жазбаша бақылау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Медициналық деректер. **БӨЖ тапсырмасы:** Медико-статистикалық ақпараттарды өңдеу және жинау әдістері.	Медициналық деректерді енгізу, өңдеу және талдау тәжірибесі. Графиктер, диаграммалар құру, коэффициенттерді есептеу.	ОН1 ОН4	1/6	Презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау	Тексеру парағы
4	**Дәріс.** Сырқаттанушылық,	Есептеу әдістері және талдау. Сырқаттанушылық туралы	ОН1 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс

	мүгедектік және өлім-жітім көрсеткіштері	деректерді жинау үшін цифрлық тізілімдер мен электрондық медициналық жүйелерді пайдалану әдістері				сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Орташа және вариациялық шамаларды есептеу, медициналық деректердің біркелкілігін талдау	Орташа арифметикалық, дисперсиялық, стандартты ауытқу және вариация коэффициентін есептеу. Топтардың біртектілігі	ОН1 ОН4	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, Жазбаша бақылау, Тестілеу
	ОБӨЖ\БӨЖ. Медико-статистикалық ақпараттар **БӨЖ тапсырмасы:** 1. Медико-статистикалық ақпараттарды өңдеу және жинау әдістері. 2.Ашық мәліметтер базасын пайдалану (ДДҰ, stat.gov.kz)	Медико-статистикалық ақпараттар, өңдеу тәсілдері (әдістері). Платформаларды шарлау, деректерді таңдау және түсіру, талдауға дайындық. Сүзгілерді қолдану және деректердің сипаттамасы	ОН2 ОН3	1/6	Презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау	Тексеру парағы
5	**Дәріс.** Вариациялық талдаудың негіздері және оны қолдану	Орташа мәндер, стандартты ауытқу, вариация. Статистикалық пакеттер арқылы талдауды автоматтандыру: Excel, SPSS.	ОН1 ОН3	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Қауіп факторлары мен аурушаңдық арасындағы корреляциялық талдау	Корреляция коэффициенті. Әлеуметтік факторлар мен аурушаңдық арасындағы байланыс.	ОН3 ОН4	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, жазбаша бақылау, тестілеу
	ОБӨЖ\БӨЖ. Статистикалық мәліметтер **БӨЖ тапсырмасы**: Корреляциялық талдау нәтижелерін түсіндіру және ұсыну **Аралық бақылау 1 –**	Статистикалық мәліметтер негізінде қорытындылар мен ұсыныстармен шағын есептер Тәжірибелік сабақтар	ОН2 ОН3	2/5	Презентацияны қорғау, тест тапсыр-маларын дайындау	Тексеру парағы

	тестілеу	материалдары мен ОБӨЖ 1-5 тақырыптары негізінде білім алушылардың білімі мен дағдысын бағалау.			Тестілеу	Тексеру парағы
6	**Дәріс.** Медицинадағы корреляциялық-регрессиялық талдау және ЖИ (жасанды интеллект)	Медициналық және әлеуметтік факторлар арасындағы тәуелділікті анықтау. Корреляция мен регрессияны қолдану мысалдары. Үлкен медициналық деректердегі заңдылықтарды анықтау үшін ЖИ қолдануға кіріспе.	ОН1 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтаудағы регрессиялық модельдерді құру	Медициналық көрсеткіштерді болжау үшін сызықтық және бірнеше регрессияны қолдану. Регрессия теңдеулерін түсініктемесі	ОН1 ОН3	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, жазбаша бақылау, тестілеу
7	**ОБӨЖ\БӨЖ**. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет **БӨЖ тапсырмасы:** «Профилактикалық медицинадағы статистиканың рөлі» тақырыбында мақалаларға талдау жасау	Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және денсаулық сақтау саласында статистиканы қолдану бойынша әдебиеттерді жинау және денсаулық сақтаудағы маңызы.	ОН2 ОН4	1/6	Презентацияны қорғау, тест тапсыр-маларын дайындау	Тексеру парағы
	Дәріс. Жұқпалы аурулар статистикасы және сандық қадағалау	Есепке алу және талдау әдістері. Бақылау платформаларын пайдалану (ArcGIS, HealthMap, Google Trends). Аурудың өршуін болжаудағы ЖИ рөлі.	ОН1 ОН2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Уақыт сериялардың талдау: маусымдық және ауру тенденциялары	Динамикалық қатарларды құру, трендтер мен маусымдықты анықтау. Аурудың өсу қарқыны мен өсуін есептеу жолдары	ОН1 ОН5	3	Жағдайлық есептерді шешу	Ауызша сұрау, Тексеру парағы, жазбаша бақылау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Медициналық-	Медициналық-статистикалық деректерді жинау, талдау және	ОН1 ОН3	1/6	Презентацияны қорғау,	Тексеру парағы

	статистикалық деректерді жинау **БӨЖ тапсырмасы**: Медициналық статистикада цифрлық технологиялар мен ЖИ (жасанды интеллект) қолдану арқылы деректерді талдау	визуализациялаудағы заманауи цифрлық шешімдерді іздеу, талдау және сипаттау.			тест тапсыр-маларын дайындау	
8	**Дәріс.** Профилактикалық іс-шараларды статистикалық қамтамасыз ету	Деректер негізінде басқару шешімдерін қабылдау. Статистикалық есептер мен сандық ресурстарды пайдалану (Excel, WHO).	ОН2 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Жұқпалы ауру статистикасы: эпидемиологиялық жағдайды талдау және бағалау	Жұқпалы аурудың құрылымын талдау. Аймақтар бойынша салыстырмалы талдау. Эпидемиологиялық шектерді бағалау.	ОН1 ОН5	3	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу	Тексеру парағы, жазбаша бақылау
	ОБӨЖ\БӨЖ. Орташа, салыстырмалы көрсеткіштерді есептеу, диаграммаларды құру, статистикаға негізделген қарапайым бақылау тақталарын құру. **БӨЖ тапсырмасы:** Орташа, салыстырмалы көрсеткіштерді Microsoft Excel (немесе Google Sheets) бағдарламасында орындау	Орташа шамалар (арифметикалық орташа, медиана, мода), салыстырмалы көрсеткіштер (интенсивтілік, көрнекілік, қарқындылық) есептеу әдістері	ОН1 ОН3	1/6	Презентацияны қорғау, тест тапсыр-маларын дайындау	Тексеру парағы
9	**Тәжірибелік сабақ.** Статистикалық зерттеуді ұйымдастыру және кезеңдері. Статистикалық зерттеулердің денсаулық сақтауға әсері.	Статистикалық деректерді өңдеу тәжірибесі: енгізу, топтау, талдау, диаграмма құру, корреляция және регрессия.	ОН3 ОН4	4	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу, тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы, жазбаша бақылау, тестілеу
	ОБӨЖ\БӨЖ. Жұқпалы аурулармен сырқаттанушылықтың құрылымы мен	Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында жұқпалы аурулармен сырқаттанушылықтың	ОН1 ОН2 ОН3	1/5	Презентацияны қорғау, тест тапсыр-	Тексеру парағы

	өзгерістері **БӨЖ тапсырмасы:** 1. 2019–2024 жылдар аралығындағы жұқпалы аурулар (мысалы: ОРВИ, туберкулез, АИТВ/ЖИТС, гепатит, туларамия, брюцеллез, т.б.) бойынша сырқаттанушылық көрсеткіштерін жинақтау 2. Әр ауру бойынша динамикалық қатар құру 3. Жұқпалы аурулардың құрылымын (%) есептеу (2024 жыл үшін) 4. Аурулардың территориялық таралу ерекшеліктерін (облыс бойынша) салыстыру	құрылымы мен өзгерістерін зерделеу. Ең маңызды инфекциялар (туберкулез, COVID-19, гепатиттер, ішек инфекциялары) бойынша уақыт қатарларын, маусымдылығын, ең жоғары кезеңдерін және трендтерін талдау. Санитарлық-профилактикалық іс-шаралардың, вакцинацияның және карантиндік шаралардың әсерін бағалау. Сандық көздерді пайдалану (stat.gov.kz, eGov, WHO) және деректерді визуализациялау. Эпидемиологиялық шектерді болжаудың және есептеудің қарапайым әдістерін қолдану.			маларын дайындау	
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық статистикалық есеп берудегі негізгі тіркеу формалары: мазмұны, толтыру ережелері және қолданылу салалары	Қазақстан Республикасындағы аурулардың мемлекеттік тіркеуі: тіркеу формаларының рөлі, жіктелуі және эпидемиологиялық бақылаудағы маңызы	ОН3 ОН4	4	Ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау	Тексеру парағы
10	**ОБӨЖ\БӨЖ.** ЕПМ статистикалық есептерін талдау **БӨЖ тапсырмасы**: өткен тақырыптарды қайталау **Аралық бақылау -2** Өткен тақырыптарды қайталау	Ресми бюллетеньдерді зерттеу, негізгі көрсеткіштерді алу, статистикалық айырмашылықтары Тәжірибелік сабақтар материалдары мен ОБӨЖ 6-10 тақырыптары негізінде білім алушылардың білімі мен дағдысын бағалау.	ОН3 ОН5	2/5	Презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау **Тестілеу**	Тексеру парағы Тексеру парағы
	Аралық аттестацияны дайындау және өткізу					*12*

9.	**Оқыту әдістері және бақылау**	
9.1	Дәріс	кіріспе, шолу, мәселелік, кері байланыс
9.2	Тәжірибелік сабақ	ауызша сұрау, тест тапсырмаларын орындау, жағдайлық есептерді шешу, тексеру парағы
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	презентацияны қорғау, тест тапсырмаларын дайындау, тексеру парағы
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, тәжірибелік дағдыларды бағалау, тексеру парағы

10	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Негізгі демографиялық және медициналық-статистикалық көрсеткіштерді біледі, халық тобын ескере отырып есептейді және түсіндіреді	1. Бірде-бір көрсеткішті өз бетінше есептемейді 2. Есептеу формулаларын шатастырады 3.Нәтижелерді түсіндірмейді немесе түсіндіруі дұрыс емес.	1. Демографиялық көрсеткішті есептейді 2. Оларды үлгі бойынша түсіндіреді, бірақ себебін түсіндірмейді 3.Инклюзивті талдау жүргізбейді: жынысы/жасы / аймағы мүлдем ескерілмейді.	1. Көрсетілген 6 топтағы көрсеткіштердің кемінде 4-ін есептейді 2. Кемінде 4 көрсеткішті дұрыс түсіндіреді, бірақ барлығын емес 3. Жыныс/жас/аймақты тек түсіндіру кезінде ескереді, бірақ есептеулерде ескермейді	1.Демографиялық көрсеткіштерді есептейді 2.Жалпы және бастапқы аурушаңдықты есептейді; 3.Арифметикалық орташа мәнді, медианаңы, моданы есептейді; 4.Дисперсияны, стандартты ауытқуды, вариация коэффициентін есептейді; 5.Әрбір көрсеткішті интерпретациялайды; 6.Инклюзивті талдау жүргізеді: жынысы, жас топтары, өңірлер бойынша көрсеткіштерді stat.gov.kz деректері негізінде есептеп, салыстырады.
ОН 2	Статистикалық бағдарламалар арқылы ашық дереккөздерден алынған деректерді өңдеп, кестелер мен графиктер түрінде визуалдай отырып, инклюзия қағидаттарын пайдалана отырып, профилактикалық	1. Excel/Google Sheets-ті аша алмайды; 2. Кесте құра алмайды; 3. Жауаптары толық емес және негізсіз.	1. Деректерді кесте бойынша қолмен енгізеді; 2.«Сыйқырлы шебердің» көмегімен 1 қарапайым диаграмма салады; 3. Әр қадамда көмек сұрайды	1. Деректермен оқытушы дайындап берген файл негізінде жұмыс істейді; 2. Екі немесе одан да көп дұрыс визуалдау құрады; 3. Безендіруде түсініксіз жазулар, қателіктер жібереді	1. WHO, Global Health Observatory сайтынан деректерді өз бетінше тауып, жүктейді; 2. Деректерді түзелейді 3. Кемінде 3 түрлі құралды: – бағаналы диаграмма), – сызықтық график, – секторлық диаграмма визуалдайды 4. Осьтерді дұрыс белгілейді, тақырып, өлшем бірліктерін қатесіз қосады

	шараларды ұсынады.				
ОН 3	Қоршаған орта факторлары мен денсаулық көрсеткіштері арасындағы байланысты корреляциялық талдау арқылы анықтайды. Алынған статистикалық қорытындылар негізінде халық денсаулығын бақылауда цифрлық құралдар мен жасанды интеллект элементтерінің рөлін түсінеді.	1. Корреляция коэффициенті бойынша да таба алмайды; 2. Корреляция мен себеп-салдарлық байланысты шатастырады 3. Жауаптары толық емес және негізсіз. 4.Денсаулық сақтаудағы ЖИ не екенін білмейді.	1. Дайын формулаға сандарды қойып r-ді есептейді, бірақ мәнін түсінбейді; 2. «Оң» және «теріс» байланысты немесе байланыс күшінің шкаласын шатастырады 3. Бір-екі байланыстың мағынасы дұрыс емес немесе толық емес. 4. «Жасанды интеллект» деген сөзді естіген, бірақ медицинадағы мысал келтіре алмайды.	1. Excel-де корреляция коэффициентін (r) формула туралы нұсқау алған соң дұрыс есептейді; 2. Байланыстың бағытын және күшін дұрыс түсіндіреді; 3. Себеп-салдарлық байланыс туралы қорытынды жасамайды — бірақ қате де жібермейді. 4. «ЖИ ауруды болжайды» дегенін біледі, бірақ оның қалай жұмыс істейтінін түсіндіре алмайды.	1. Екі айнымалыны өз бетінше таңдайды 2. Пирсонның корреляция коэффициентін формула бойынша қолмен және Excel-дегі CORREL функциясы арқылы есептейді — нәтижелер сәйкес келеді; 3. Нәтижені (оң/теріс) дұрыс түсіндіреді 4. Жауабы толық, логикалық және негізді, қателер жоқ. 5. Жасанды интеллект (ЖИ) эпидемиялық бақылауда қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді
ОН 4	Халық арасындағы аурулар динамикасын (маусымдық өзгерістер) зерттейді және аймақтық эпидемиологиялық жағдайды бағалай отырып, мәселені шешуде қажетті ойын тұжырымдай	1.Динамикалық қатар жасамайды 2."Уақыт катары" деген не екенін түсінбейді.	1.Нұсқау бойынша график салады; 2. «Маусымдық, «тренд» сияқты терминдерді қолданбайды; 3. Қалыпты тербеліс пен эпидемиялық вспышка арасында айырмашылық жасай алмайды.	1. Динамикалық график құрады; 2. Маусымдық өзгерістер мен трендтерді көзбен ажыратады 3. Жағдайды дұрыс бағалайды 4. Жауабы негізді, логикалық және дәлелді.	1. Уақыт қатарын құрады 2. Маусымдық индексті есептейді 3. Трендерді анықтайды: «2020–2022 жылдары — төмендеу, 2023–2024 жылдары — өсу»; 4. Өсу қарқынын және өсім көрсеткішін дұрыс есептейді; 5. Жауабы логикалық, негізделген және қателерсіз қорытынды жасайды

	алады және оқытушылармен басқа білім алушыларға коммуникативті дағдыларды қолдана отырып, жеткізеді.				

10.2 **Бағалау әдістері және критерийлері**

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

Бағалау критерийі	**Деңгей**			
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
	90 – 100	70-89	50-69	<50
Ауызша сұрау				
Білім алушы қателіктер мен дәлсіздіктер жібермеді, ұғымдар мен бағыттарды терең түсінуді көрсетеді, материалды сыни тұрғыдан бағалайды, басқа пәндерден білімді біріктіреді.	A (4,0; 95-100%)			
А үшін бірдей, бірақ сыни талдау тереңдігінің шамалы төмендеуіне жол беріледі.	A- (3,67; 90-94%)			
Білім алушы өз бетінше түзеткен шамалы дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді. Оқытушының көмегімен материалды жүйелейді		B+ (3,33; 85-89%)		
Пән бойынша білім тұрақты, бірақ ішінара фрагментті. Білім алушы ұсақ қателіктер жібереді және ақпаратты талдау және жүйелеу кезінде оқытушының қосымша қолдауын талап етеді. Білімді жаңа жағдайларда қолдануда қиындықтар бар. Белсенділік пен талқылауға қатысу тұрақты емес, сыни тұрғыдан ойлау шектеулі.		B (3,0; 80-84%)		
Білім алушы тақырыпты жалпы түсінеді, бірақ көп қателіктер жібереді, ақпаратты талдауда көмекке мұқтаж. Ұғымдарды түсіндіруде қиындықтар бар, білімді қолданудың тұрақты дағдылары жоқ. Дәлелдеу әлсіз, пайымдау Үстірт, оқу процесінде белсенділік пассивті.		B- (2,67; 75-79%)		
Білім алушы материалды ішінара игеріп, мұғалімнің көмегімен ғана түзете алатын түбегейлі қателіктер жібереді. Тақырып туралы жалпы түсінікті көрсетеді, бірақ жеке элементтерді біртұтас білім жүйесіне қалай байланыстыруды білмейді. Жауаптар үзінді, өзіндік жұмыс минималды.		C+ (2,33; 70-74%)		
Білімнің әлсіз жүйеленуі көрінеді. Білім алушы оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерін терең түсінбестен қайталаумен шектеледі. Өз пайымдауларын тұжырымдауда қиындықтар туындайды. Сыни талдау жоқ, ауызша және жазбаша тілде қиындықтар бар.			C (2,0; 65-69%);	
Білім алушы материалды түсінуде және баяндауда айқын			C- (1,67;	

қиындықтарға тап болады. Жауаптарда көптеген дәлсіздіктер бар, логика бұзылған. Материалды жүйелеу қиын, өзіндік жұмыс іс жүзінде жоқ. Мұғалім даму процесін үнемі бағыттап, түзетіп отыруы керек.			60-64%);	
Фрагментті білім, тақырыпты түсіну шектеулі. Жауаптар Үстірт, тек дәріс материалының жеке бөліктеріне сүйенеді. Білім алушы типтік тапсырмаларды орындау кезінде де қиындықтар көрсетеді. Тұрақты қолдау мен бақылауды қажет етеді			D+ (1,33; 55-59%)	
Білім алушы базалық материалды нашар меңгерген, білімдегі елеулі олқылықтарды көрсетеді. Іс жүзінде тәуелсіз талдауға қабілетті емес. Ол өрескел қателіктер жібереді, курстың минималды талаптарын жеңе алмайды.			D (1,0; 50-54%)	
Жауаптарда елеулі қателер бар, негізгі ұғымдарды түсіну жоқ. Жүйелеудің толық болмауы және талдауға қабілетсіздігі байқалады. Тіпті курстың негізгі талаптарын игеру көрсетілмеген. Жұмыс формальды түрде, мағыналы тәсілсіз орындалды.				FX(0,5;25-49)
Білім алушы жауап бермеді немесе жауап мүлдем дұрыс емес. Тақырыпты түсіну және зерттелетін материалға қызығушылық жоқ. Белсенді емес, оқытушының ұсыныстарын елемейді, оқу іс-әрекетіне қатыспайды.				F (0; 0-24)
Жағдайлық есептерді шешу	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат танарлық	Қанағаттанарлықсыз
Білім алушы проблемаларды шешуге белсенді қатысты, өзіндік және аналитикалық ойлауды көрсетті, материалды терең білетіндігін көрсетті, пәнаралық тәсілді және басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдаланды.	A (4,0; 95-100%)			
А бағасына ұқсас, бірақ өзіндік немесе пәнаралық деңгейдің шамалы төмендеуімен. Жауап толық және дәлелді болып қалады.	A- (3,67; 90-94%)			
Мәселелерді шешуге белсенді қатысу, материалды жақсы білу, кішігірім дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберілді, олар өздігінен жойылды.		B+ (3,33; 85-89%)		
Материалды білу жеткілікті, мәселелерді шешуде бастама пайда болды, қателіктер жіберілді, бірақ өрескел емес, оқыту саналы.		B (3,0; 80-84%)		
Логикада немесе дәлелде кемшіліктер бар, белсенділік орташа, түзетілген кемшіліктер бар.		B- (2,67; 75-79%)		
Материалды білу үстірт, мұғалімнің нұсқауы бойынша түзетілген түбегейлі қателіктер жіберілді. Белсенділік ішінара.		C+ (2,33; 70-74%)		
Білім алушы топта белсенділік танытпады, материалды жүйелеуде қиындықтарға тап болды, әрдайым тапсырмалардың мәнін түсінбеді, тек негізгі ақпаратты пайдаланды.			C (2,0; 65-69%);	
Нашар қатысу, фрагментті білім, елеулі логикалық қателіктер жіберілді. Оқытушының тұрақты қолдауы қажет.			C- (1,67; 60-64%);	
Іс жүзінде топтық жұмысқа үлес қосқан жоқ,			D+ (1,33;	

айтарлықтай қиындықтарға тап болды, тақырыпты бастапқы деңгейде түсіну.			55-59%)	
Бастаманың болмауы, жұмыс кезінде айтарлықтай қиындықтар, қателер түзетілмеген, материал өте нашар игерілген.			D (1,0; 50-54%)	
Мәселелерді шешуге қатыспады, жауаптарда өрескел қателіктер жіберді, ойлау логикасы жоқ, ғылыми терминологияны қолданбайды.				FX(0,5;25-49)
Қатысудың толық болмауы, өрескел және жүйелі қателіктер, тапсырманың мәнін түсінбеушілік, білімнің минималды деңгейінің болмауы.				F (0; 0-24)

ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы

Бағалау критерийі	Баға	Бағалау критерийлері
Презентацияны қорғау	**Өте жақсы** Бағаға сәйкес: A (95-100%);	Презентация өз бетінше орындалды, мерзімінде тапсырылды, кемінде 20 слайдтан тұрады. Кем дегенде 5 әдеби дереккөз пайдаланылды. Слайдтар мазмұнды, құрылымды, қысқа. Қорғау кезінде білім алушы тақырыпты терең меңгереді, материалды қисынды түрде баяндайды, сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібермейді.
	A- (90-94%)	А үшін бірдей критерийлер, бірақ қорғаудың жалпы сапасына әсер етпейтін дизайндағы немесе жауаптардағы жалғыз елеусіз олқылық болуы мүмкін.
	Жақсы Бағаға сәйкес: B+ (85-89%);	Презентация өз бетінше орындалды, мерзімінде тапсырылды, кемінде 17 слайдтан тұрады, кемінде 4 дереккөз пайдаланылды. Жалпы Материал қисынды түрде баяндалған, студент жақсы білім көрсетеді. Ол өз бетінше түзететін кішігірім қателіктер жіберілді.
	B (80-84%);	B+ - ге ұқсас, бірақ презентация деңгейі онша сенімді емес, талқылауда мұғалімнің қолдауы қажет.
	B- (75-79%);	Презентацияның көлемі мен құрылымы талаптарға сәйкес келеді, бірақ дизайн әлсіз, қателіктерді білім алушы әрдайым байқамайды, жауап деңгейі қанағаттанарлық.
	C+ (70-74%).	Презентация ресми түрде жасалады, слайд құрылымы зардап шегеді, бірақ негізгі ақпарат бар. Білім алушының жауаптары толық емес, оқытушыны нақтылау қажет.
	Қанағаттанарлық Бағаға сәйкес: C (65-69%);	Презентация мерзімінде орындалды, кемінде 14 слайд, 3 дереккөз, мазмұны төмен слайдтар бар. Білім алушы жауаптарда түбегейлі қателіктер жібереді, қорғау қиын.
	C- (60-64%);	Презентация нашар құрылымдалған, тақырыпты Үстірт білу, білім алушы талқылау кезінде жоғалады, материалды негізгі түсінуде қателіктер жібереді.
	D+ (55-59%);	Көлемі минималды талаптарға сәйкес келеді. Слайдтар тақырыпты әлсіз ашады, білім алушының жауаптары үзінді, көптеген қателіктермен.
	D (50-54%).	Ресми түрде орындалды, презентация логикасы жоқ, тақырыпты нашар түсіну, сұрақтарға жауаптар дұрыс емес немесе жоқ
	Қанағаттанарлықсыз Бағаға сәйкес: FX (25-49%)	Презентация мерзімінде тапсырылмаған, көлемі 11 слайдтан аз, 2 көзден аз. Слайдтар мағынасыз, автор материалды басшылыққа алмайды, қорғаныс кезінде өрескел қателіктер жібереді.

	F(0-24%)	Презентация жоқ немесе барлық талаптарды бұза отырып орындалды, қорғаныс жоқ немесе сәтсіз аяқталды, автор тақырып бойынша негізгі сұрақтарға жауап бере алмайды.
Тест тапсырмала-рын дайындау	**Өте жақсы** Бағаға сәйкес: A (95-100%);	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. 5 жауап нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны бір ғана толық ой бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Осы тақырып бойынша нормативтік құжаттарды, сондай-ақ жаңа ғылыми-статистикалық материалдарды пайдаланды.
	A- (90-94%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. 5 жауап нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны бір ғана толық ой бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
	Жақсы Бағаға сәйкес: B+ (85-89%);	Тест сұрақтары 18 сұрақтан кем болмауы керек. Өз уақытысында тапсырылған. Тест сұрақтары мазмұнды, тиянақты жасалған. Сұрақтары біртипті емес. Дұрыс жауаптары көрсетілген.
	B (80-84%);	Тест тапсырмаларында кемінде 20 сұрақ бар. Жауап нұсқалары бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Жауаптардың бірдей және барабар нұсқалары. Жауап алгоритмі бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Жазу кезінде емле қателері жіберілді.
	B- (75-79%);	Тест тапсырмаларында 18 сұрақ бар. 5 жауап нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Жауаптар бірдей. Жауап алгоритмі бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Құрастыру кезінде грамматикалық қателіктер жіберілді.
	C+ (70-74%).	Тест тапсырмаларында 16 сұрақ бар және белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде грамматикалық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада тек 4 жауап нұсқасы бар.
	Қанағаттанарлық Бағаға сәйкес: C (65-69%);	Тест тапсырмалары 15 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылады. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты емес тұжырымдалған. Тест тапсырмалары құрастырылған лексикалық сауатсыз. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада тек 4 жауап нұсқасы бар.
	C- (60-64%);	Тест тапсырмасы 15 сұрақтан тұрады. Тест уақытылы тапсырылмаған. Мазмұн қажетті деңгейде маңызды емес немесе аз қолданылған.Кейбір сұрақтар анық емес, нақты емес немесе тұжырымдалуы дұрыс емес. Әр сұраққа тек 4 жауап нұсқасы берілген, бірақ «барлық жауап дұрыс/барлығы дұрыс емес» сияқты күрделі нұсқалар жоқ. Жауаптардың дұрыстығы мен сәйкестігі

		жартылай қамтамасыз етілген.
	D+ (55-59%)	Тест тапсырмасы 12 сұрақтан тұрады. Тест уақытылы тапсырылмаған. Мазмұн маңызды емес немесе сұрақтармен байланысы әлсіз. Сұрақтардың кейбіреуі тақырыпқа сәйкес келмейді. Жауап нұсқалары 3-тен аспайды, бірақ «барлық жауап дұрыс», «жоғарыда/төменде айтылғандардың барлығы» сияқты күрделі нұсқалар бар.Тұжырымдар анық емес немесе логикалық қателіктерге толы.
	D- (50-54%)	Тест тапсырмасы 12 сұрақтан тұрады. Тест уақытылы тапсырылмаған. Мазмұн маңыздылық деңгейі төмен, сұрақтарға қажетті негіз ретінде қолданылмаған. Сұрақтар бұлыңғыр, нақты емес, түсініксіз тұжырымдалған.Дұрыс жауаптар белгіленбеген немесе дұрыс таңдалмаған.Жауап нұсқаларының саны шектеулі, күрделі нұсқалар тиімсіз қолданылған немесе мазмұнға сәйкес келмейді.
	Қанағаттанарлықсыз Бағаға сәйкес: FX (25-49%) F(0-24%)	Тест тапсырмасы 10 сұрақтан тұрады. Тест уақытылы тапсырылмаған. Сұрақтар дұрыс құрастырылмаған, тақырыпқа сәйкессіздік бар. Жауап нұсқалары бірдей немесе логикасыз, мысалы: «а) дұрыс, б) дұрыс, в) дұрыс» — ажырату мүмкін емес. Дұрыс жауапты анықтауға мүмкіндік беретін алгоритм немесе логика жоқ. Тапсырма негізгі талаптарға сай келмейді, бірақ жұмыс ішінде кейбір элементтер бар.

Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесіне сәйкес

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: дерекқорлар, анимациялар	• Электронная библиотека ЮКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres • Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/ • Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/

тренажерлер, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электрондық анықтамалық материалдар	• Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/ • Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/ • ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth • информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru • Medline Ultimate EBSCO • eBook Medical Collection EBSCO • Scopus - https://www.scopus.com/
Электрондық оқулықтар	Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM) Койчубеков және т.б. Биостатистикаға кіріспе курсы: оқу құралы / Б.К.Койчубеков, Абдыкешова Д.Т., Алибиева Д.Т.– Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 102 б. Эпиграф https://www.elib.kz/ru/search/read_book/868/ Бөлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық / М.Ә. Бөлешов.- Алматы: Эверо, 2020 Бөлешов М.Ә. Эпиграф https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/ Сарсенбаева, Г.Ж.Қоғамдық денсаулықты сақтау : Оқу құралы. . - 2-ші басылым - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 184 б. Сарсенбаева, Г.Ж. /РМЭБ/http://rmebrk.kz/book/1173749 Қоғамдық денсаулықты сақтау. Сарсенбаева Г.Ж. , 2019 https://www.aknurpress.kz/reader/web/1362
Әдебиет	Негізгі әдебиеттер: Rosner, Bernard Fundamentals of Biostatistics [Text] : texbook / B. Rosner. - 8 nd ed. - [S. l.] : GENGAGE learning , 2016. - 927 p. Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 116 бет с. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение : учебник. - 3-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Первый гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 544 с. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Текст] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова ; М-во образования и науки. - 3-е изд., перераб. и доп ; - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 544 ил Қосымша әдебиеттер: Рыманов, Д. М. Денсаулық сақтауды басқару этикасы : оқу-әдістемелік кешен = Этика управления в здравоохранении : учебно-методическиий комплекс / - Алматы : Эверо, 2015. - 164 бет. Бөлешов М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с.

12. Пән саясаты

1. Оқу үдерісіне белсенді қатысу.
2. Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары

қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді.
3. Командада жұмыс істей білу.
4. Білім алушылардың кафедраның оқу-әдістемелік үдерісін жетілдіру жөніндегі іс-шараларына белсенді қатысуы.
5. Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау.
6. Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру.
7. Білім алушылардың білімін аралық бақылау теориялық оқытудың 5/10 күніне бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет оқу үлгерімінің электрондық журналына және айыппұл балдарын ескере отырып, электрондық журналға аралық ба-қылаудың қорытындыларын қаулы ете отырып жүргізіледі. Дәлелді себепсіз аралық бақылауға келмеген білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындылары деканатқа бақылау күнінің соңына дейін баянат түрінде ұсынылады.
8. БӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.
9. БӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен білім алушы бір түрін таңдайды.

13.	**«ОҚМА» АҚ моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат**
	Миссия Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында танылған көшбасшы болу!
	Білім алушы ар-намыс кодексі: 1. Білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, өзі таңдаған мамандығының кәсіби маманы болуға, шығармашыл тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады. 2. Білім алушы үлкендерге құрметпен қарайды, басқаларға дөрекілікке жол бермейді және әлеуметтік осал адамдарға жанашырлық танытып, мүмкіндігінше қамқорлық жасайды. 3. Білім алушы әдептілік, мәдениеттілік және имандылық үлгісі болып табылады, азғындық көріністеріне төзбейді, жынысына, ұлтына, дініне қарай кемсітуге жол бермейді. 4. Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанып, жаман әдеттерден толықтай бас тартады. 5. Білім алушы университеттің дәстүрін құрметтейді, оның мүлкіне қамқорлық жасайды, білім алушы жатақханадағы тазалық пен тәртіпті қадағалайды. 6. Білім алушы шығармашылық белсенділікті дамытуға (ғылыми, білім беру, спорттық, өнер және т.б.) және корпоративтік мәдениет пен университеттің имиджін көтеруге бағытталған қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді таниды. 7. Білім алушы өзінің жоғары мектептің өкілі екенін үнемі есте сақтайды және оның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге бар күш-жігерін салады. 8. Білім алушы академиялық арамдықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің міндеті деп санайды, соның ішінде: алаяқтық және білімді бақылау процедураларынан өту кезінде басқалардың көмегіне жүгіну; кез келген көлемдегі дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, дипломдық және басқа жұмыстар), оның ішінде интернет-ресурстарды өз жұмысының нәтижесі ретінде ұсыну; Плагиатқа қарсы жүйені айналып өту; жоғары баға алу үшін отбасы немесе жұмыс байланыстарын пайдалану; сабаққа себепсіз келмеу, кешігу және сабаққа келмеу. Тіркеуші кеңсесі АР 044/101-2022 Ed. №4 14 бет 67 «ОҚМА» АҚ академиялық саясаты 9. Білім алушы аталған академиялық адалдықтың барлық түрлерін Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алумен үйлеспейді деп санайды.
	ОҚМА ның академиялық политикасы П. 4 Білім алушы ар-намыс кодексі http://surl.li/eroik
	Білім алушылардың курсты аяқтағаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингтері (РБР) және қорытынды бақылау бағалары (ҚББ) бағаларының қосындысынан құралады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. ҚБ= РБР + ҚББ Рұқсаттама рейтингінің бағасы (РБР) 60 баллға немесе 60%-ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және аралық бақылауды бағалау (АББ).

	Ағымдық бақылауды бағалау (АББ) практикалық сабақтар мен БӨЖ үшін орташа бағаны білдіреді. Аралық бақылауды бағалау (АББ) екі аралық бақылаудың орташа бағасын білдіреді. Қабылдау рейтингінің бағасы (60 балл) формула бойынша есептеледі: АББ орт х 0,2 + АББ орт х 0,4 Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу түрінде жүргізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% ала алады. Емтихан барысында білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады. Қорытынды бақылауды есептеу келесідей жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-0 жауап берсе, онда бұл 90% құрайды. 90 х 0,4=36 балл. Қорытынды баға, егер білім алушының қабылдау рейтингі (РБР)=50 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі. Қорытынды баға (100 балл)= АББ орт х 0,2+ АББ орт х 0,4 + ҚБ х 0,4 бақылаудың бір түрі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы (АБ1, АБ2, АБ орт) емтиханға жіберілмейді. Айыппұл баллдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады.
14.	**Бекіту және қайта қарау**

Кітапхана- ақпараттық орталығымен келісілген күні 25.06.2025	Хаттама № 7	КАО басшысы Дарбичева Р.И.
Кафедрада бекітілген күні 26.06.2025	Хаттама № 16	ӘМС және ҚД каф. меңгерушісі Сарсенбаева Г.Ж.
«МПҰ» БҚ АҚ мақұлданған күні 27.06.2025ж.	Хаттама № 11	ББ МПҰ АҚ төраға Ескерова С.У.
Кафедрада қайта қарау күні	Хаттама № ___	ӘМС және ҚД каф. меңгерушісі Сарсенбаева Г.Ж.
«МПҰ» ББ АҚ қайта қарау күні	Хаттама № ___	ББ МПҰ АҚ төраға Ескерова С.У.